

**Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы № 245 "Ырғыз ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 ақпандағы № 66 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 5307 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 282 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 13.03.2020 № 282 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы № 245 "Ырғыз ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4807 тіркелген, 2016 жылдың 12 сәуірдегі аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ырғыз ауданында әлеуметтік көмек көрсету , мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік корпорациясы Ақтөбе облысы бойынша филиалы – "

Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" Департаментінің Бұғыз аудандық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті ұйым);";

1) тармақша 1-1) тармақша болып есептелсін;

8) тармақша алып тасталсын;

17 тармағының 6) тармақшасы мен 18 тармағының 6) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Бұғыз аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Қ. Бөлек*

*Бұғыз аудандық мәслихатының хатшысы*

*К. Қосаяқов*

*Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды  
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасының басшысы*

*Қ. Отаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК